

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Оңтүстік" салық комитеті" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы N 990 Қаулысы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 15-бабына сәйкес, сондай-ақ қызметін "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдардың салық әкімшілігін жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу кезеңіне "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Оңтүстік" салық комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2. Комитетті қаржыландыру тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары қызметкерлерінің штат саны лимиттерінің шегінде Комитеттің штат санын белгілеу;

2) Комитет туралы ережені бекіту және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қазандағы N 1102 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 33, 359-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 219-жолмен толықтырылсын:

"219. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Оңтүстік" салық комитеті".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

